

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтарды өндіріп алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 897

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды (жұмыстарды) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтарды өндіріп алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь
Республикасының Үкіметі арасындағы тауарларды
(жұмыстарды) экспорттау және импорттау
кезінде жанама салықтарды өндіріп алудың принциптері
туралы келісімді бекіту туралы

1999 жылғы 2 ақпанда Минск қаласында жасалған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі
арасындағы Тауарларды (жұмыстарды) экспорттау және импорттау кезінде
жанама салықтарды өндіріп алудың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы
Тауарларды (жұмыстарды) экспорттау және импорттау
кезінде жанама салықтарды өндіріп алудың принциптері туралы
Келісім

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

экономика саласындағы интеграцияны одан әрі тереңдетуге, шаруашылық
жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндіктерді жасауға және адал ниетті бәсекелестікті
о р н а т у ғ а ұ м т ы л а о т ы р ы п ,
халықаралық сауданың жалпыға бірдей нормалары мен ережелерін бағдарға ала
отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1 - б а п

Келісімде қолданылатын терминдер:

жанама салықтар - қосымша құнға салынатын салықты және акциздерді (акциздік
с а л ы қ н е м е с е а к ц и з д і к а л ы м) ;

тауар - кез келген мүлік (энергияның барлық түрлерін қоса алғанда), материалдық
емес активтерді, сондай-ақ контейнерлер мен басқа да көлік жабдықтарын қоса алғанда
жолаушыларды және тауарларды халықаралық тасымалдау үшін пайдаланылатын кез
келген құралдарды есептемегендегі көлік құралдарын;

экспорт - қайтадан әкелу туралы міндеттемесіз Тараптардың кедендік аумағынан
тауарларды әкетуді, Тараптың кедендік аумағында жұмыстарды жүзеге асыруды;

импорт - қайта әкету туралы міндеттемесіз Тараптардың кедендік аумағына
тауарларды әкелуді, Тараптың кедендік аумағында жұмыстарды жүзеге асыруды;

арналған елдің принципі - бір Тараптың кедендік аумағынан экспорттау кезінде
қосымша құнға салық салуда акциз салынбауын және нөлдік ставканы қолдануды және
импорт кезінде екінші Тараптың ұлттық заңымен белгіленген қолданыстағы ставка
б о й ы н ш а ж а н а м а с а л ы қ т а р с а л у д ы ;

нөлдік ставка - қосымша құнға нөл процент ставкасы бойынша салық салуды
білдіреді, мұның өзі қосымша құнға салынған салықтан толық босатуымен бірдей;

құзыретті органдар - Қазақстан тарапынан Қаржы министрлігін, Мемлекеттік
табыстар министрлігін, Беларусь тарапынан - Қаржы министрлігін, Мемлекеттік кеден
комитетін, Мемлекеттік салық комитетін білдіреді.

2 - б а п

Екінші Тараптың аумағынан экспортталып Тараптардың бірінің аумағына импортталған тауарларға (жұмыстарға) импорттаушы мемлекетте, оның заңдарына сәйкес, жанама салықтар салынады. Жанама салықты өндіріп алуды осы Тараптың кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде

кеден органдары жүзеге асырады.

3- бап

Екінші Тараптың аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыстарға) Тараптардың бірі нөлдік ставка бойынша қосылған құнға салық салатын болады. Тараптардың бірінің аумағынан екінші Тарап аумағына экспортталатын акцизделетін тауарларға акциздер салынбайды.

4 - бап

Тараптардың кеден органдары белгіленген мерзімдерде кедендік тұрғыдан ресімделген тауарлардың орын ауыстырулары туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Ақпарат алмасудың тәртібі мен механизмі Тараптардың кеден органдары арасындағы келісіммен айқындалады.

5 - б а п

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен пікір қайшылықтары құзыретті органдар арасындағы келіссөздер жүргізу мен консультациялар арқылы шешіледі. Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің

ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамамен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6 - бап

Осы Келісім халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптеріне сәйкес ішкі тауар өндірушілердің және ұлттық рыноктың мүдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қолданатын Тараптардың құқығына кедергі келтірмейді.

7- бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейді.

8 - б а п

Осы Келісім осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап он бесінші күні күшіне енеді.

Келісім Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы хабар алғаннан кейін алты айдан соң, егер бұл хабар Тараптар арасындағы келісім бойынша осы мерзім аяқталғанға дейін кері шақырылмаса, өз қолданысын тоқтатады.

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен кейін жеткізілетін тауарларға (жұмыстарға) қатысты қолданылады.

Минск қаласында 1999 жылғы 2 ақпанда қазақ, беларусь және орыс тілдерінде әрбір тілде екі дана болып жасалады және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Тараптар арасында осы Келісімнің мәтіні жөнінде пікір алшақтығы туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК